

"Базалық лауазымдық жалақының, түзету коэффициентінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына арналған жоғарылату коэффициентінің мөлшерлерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 74 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1158 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 647 қаулысымен (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.10.2017 № 647 қаулысымен (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі). 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Базалық лауазымдық жалақының, түзету коэффициентінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына арналған жоғарылату коэффициентінің мөлшерлерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 74 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 2, 38-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацындағы "1,35 мөлшерінде жоғарылату коэффициенті белгіленсін." деген сөздер "1,35 мөлшерінде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне 1,30 мөлшерінде жоғарылату коэффициенті белгіленсін."

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов